

**Ақтөбе облысының білім басқармасының
Байғанин ауданының білім бөлімінің сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне
ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қарауылкелді ауылы

2025 жылғы 11 маусым

Байғанин ауданының білім бөлімінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бөлім басшысының 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 97 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Талдауды жүргізу кезеңі: 2025 жылдың қаңтар-мамыр аралығы.

Талданатын нысан туралы мәлімет:

Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қонаев көшесі, 37.

Талдау нысаны: Байғанин ауданының білім бөлімі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) бөлім қызметіне ықпал ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Байғанин ауданының білім бөлімі өз құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.

Бөлім өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, облыс әкімдігінің Қаулыларына, шешімдеріне, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесіне, бөлім басшысының бұйрықтарына, бөлімнің ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

**Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық
сипатындағы нормалардың болуы**

Бөлім қызметінде басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық актілер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар заңнамалар анықталған жоқ.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен жасалған стандарттарды есепке ала отырып, мемлекеттік қызмет қағидалары бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетіліп отыр. Мемлекеттік қызметтердің есебі мерзімінде жинақталып тапсырылған. Бөлім бойынша мерзімін бұзушылық тіркелмеген.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

Талдау мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында бөлімге қарасты білім беру ұйымдарында түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

3. Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді қарау:

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік Рәсімдік-Процестік Кодексіне сәйкес жүргізіліп отыр.

Көрсетілген кезеңде бөлімге жеке және заңды тұлғалардан 68 өтініш келіп түскен. Барлық өтініштер мерзімінде қаралып, заң аясында жауап берілген. Есептер мерзімінде тапсырылып отыр. Кешіктіру орын алмаған.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

Талдау барысы жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер тіркеу, орындау және жауаптарын жолдау жұмыстары өз мәнінде жүргізілетінін көрсетті. Ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жоқ.

Бөлімде бақылау функциялары іске асырылмайды.

Ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға



А.Адилханова

Бөлімнің заңгері



Н.Ноғаев

Бөлімінің бас есепшісі



Д.Нысанбаева

Білім саласы қызметкерлерінің кәсіподағы ұйымының Байғанин ауданы бойынша төрағасы



С.Дербісов

Әдістемелік кабинет меңгерушісі



К.Суйесинов